



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

# BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№40  
(1331)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района  
Gazet 1939 jylдың 12 sáýirinen bastap shygady Газета издаётся с 12 апреля 1939 года

5

qazan 2019 jyl  
октября 2019 года

## Құрметті ұстаздар, педагогикалық еңбек ардагерлері, білім саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаз күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Біздің елімізде білім беру мен тәрбиелеуді дамыту мәселелері мемлекеттік саясаттың басымдығы болып табылады. Бүгінгі таңда елімізде заманауи білім беру моделі қалыптасып, білім беру инфрақұрылымы жасалып жатыр, сонымен қатар мұғалімнің мәртебесін көтеруге көп көңіл бөлінеді.

Қазіргі таңда мұғалімдер мен оқытушыларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Мемлекетіміздің болашағын анықтайтын, жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелейтін дәл осы ұстаздар.

Мұның бәріне олар сіздердің күнделікті жұмыстарыңыздың және ұмтылыстарыңыздың, дағдыларыңыздың арқасында қол жеткізеді.

Ерекше алғыс пен ризашылыққа білім беру саласының ардагерлері лайық. Сіздер көп жылдық адал еңбектеріңізбен ауданымыздың білім беру саласын дамытуға үлкен үлес қостыңыздар.

Бүгінгі шырайлы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға береке, еңбектеріңізге табыс және барлық қойылған мақсаттарыңызға жетуге тілектеспіз.

Ш.МАМАЛИНОВ,  
аудан әкімі

А.ӘЛИ,  
мәслихат хатшысы

## Уважаемые педагоги, ветераны педагогического труда, работники образования!

Поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем учителя!

В нашей стране вопросы развития образования и воспитания являются приоритетом государственной политики. В настоящее время внедряется современная модель образования, развивается образовательная инфраструктура, большое внимание уделяется повышению статуса учителя.

На учителей и преподавателей сегодня возлагается большая ответственность. Именно педагоги растят интеллектуально и духовно развитую молодежь, которая завтра будет определять будущее нашего государства.

Все этого достигается благодаря вашему ежедневному труду, стремлению и навыкам.

Особых слов благодарности и признательности заслуживают наши ветераны. Своим многолетним и добросовестным трудом вы внесли огромный вклад в развитие отрасли образования нашего района.

В этот праздничный день примите искренние пожелания крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов в работе и исполнения всех поставленных задач.

Ш.МАМАЛИНОВ,  
аким района

А.ӘЛИ,  
секретарь маслихата

BIRGE – реализуем вместе

## В защиту окружающей среды

Белые футболки и зеленые галстуки, дружный флешмоб в защиту природы и десятки высаженных деревьев – так прошла первая республиканская экологическая акция «Экочас – начни сейчас» в Уштобинской средней школе.

В масштабном мероприятии принял участие аким района Шагурашид Мамалинов. Глава региона встретился с учащимися Уштобинской школы, рассказал о важности бережного отношения к окружающей среде и вместе с учащимися посадил саженцы березы.



Как известно, инициатором масштабной акции стал министр экологии, геологии и природных ресурсов Казахстана Мағзум Мирзағалиев, призвавший всех казахстанцев внести свой вклад в улучшение нашей

экологии.

Этот день был выбран не случайно, 3 октября отмечается Всемирный день охраны мест обитания. Начиная с 1979 года защитники окружающей среды пытаются привлечь внимание

широкой общественности к сохранению природы и естественной среды обитания животных и растений. И вот теперь и казахстанцы встали на защиту окружающей среды, вновь напоминая о том, что Земля наш общий дом и ее состояние зависит от действий каждого из нас.

Именно об этом шла речь на тематическом уроке в 4 «Б» классе. Ученики с неподдельным интересом посмотрели познавательный анимационный видеоролик, а затем фантазировали и отвечали на вопрос, как можно помочь планете Земля?

Артур считает, что нельзя оставлять мусор на природе, а выбрасывать его надо в мусорку, его одноклассница Мариша уверена, что природе надо беречь и тогда Земля не будет скучной, Ринат считает, что надо больше сажать деревьев, будет больше кислорода, и мы сможем дышать.

(Окончание на 5 стр.)

На фото Д.Торжанова: идет посадка деревьев.

### 2019 жылдың 4 тоқсанында Бұқар жырау аудандық мәслихаты хатшысының жеке мәселелер бойынша жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның А.Ж.Т.	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын жері және уақыты	Байланыс телефоны
Асхат Сағадиұлы Әли	мәслихат хатшысы	Ботақара кенті, Абылай хан көшесі, 39, аудандық мәслихат, апта сайын жұма күні, сағ.14.30-ден 16.00-ге дейін	2-12-76

Азаматтарды қабылдауды ұйымдастыруға жауапты – аудандық мәслихат аппаратының іс жүргізу жөніндегі бас маманы, алдын-ала жазылу 8 (72154) 2-12-76 телефоны бойынша жасалады.

Аудандық мәслихаттың аппараты

#### ГРАФИК

приема по личным вопросам физических лиц и представителей юридических лиц секретарем Бухар-Жырауского районного маслихата на 4 квартал 2019 года

Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан	Должность лица, проводящего прием граждан	Место и время приема граждан	Контактный телефон
Әли Асхат Сағадиұлы	секретарь маслихата	пос.Ботақара, ул.Абылай хана, 39, районный маслихат, еженедельно в пятницу, с 14.30 до 16.00	2-12-76

Ответственный за организацию приема граждан – главный специалист по делопроизводству аппарата районного маслихата, предварительная запись производится по телефону: 8 (72154) 2-12-76.

Аппарат районного маслихата

## Внимание, подписка!

Продолжается подписка на районную газету.

Стоимость подписки на один месяц составляет:

- для физических лиц - 154,52 тенге,  
- для юридических лиц - 287,65 тенге.

Оформить подписку можно в любом отделении АО «Казпочта»



# Сенбілік газет бетіндегі мақала үшін емес...

**Айтуға тіпті ұят, бірақ біз сенбілікке қатты айтқанда «галочка» ретінде қарайтындығымыз шындық. Көктем, күз мезгілдерінде келетін дәстүрлі облыстық, аудандық сенбіліктер, таза бейсенбілік деп жар салып жататын шаралар ылғида оң нәтижесін көрсете бермейді.**



Сенбілік десе ұстаздар, әкімшілік, аурухана, балабақша және тағы да басқа мекеме қызметкерлері бір кісідей қару-жарағын асынып, көштің алдың бастап шығары аян. Ал жергілікті тұрғындардың сенбілікке деген құлшынысын алыс бармай-ақ тұрғын үй артындағы тау-тау болып үйілген қоқыстардан-ақ аңғаруға болады.

Күзгі екі айлық сенбілік маусымы басталысымен ауыл-ауылды аралап, тазалық жұмыстарын сынға алатын газетіміздің бұл жолғы бағыты Керней ауылы болды. Өз басыма Керней жұрты – нағашы болып келеді. «Туыс – тау, қайын – қанат, нағашы – нар» демекші, тыңдарға құлақ болса, нар жұртыма жиеннен наз болсын деп жазып отырмын.

Өзіміз ауылда туып, ауылда өскен соң ауыл жұртшылығы күнделікті бітпейтін жұмыстың тіршілігімен ерте тұрып, кеш жататындығын білеміз. Сол себепті де қалалықтарға қарағанда ауылдағылардың пысығырақ келетіндігі шындық. Бірақ, таңғы онда әкімдік есігін қағып келген бізді сенбілікке шыққан ешкім қарсы ала қойған жоқ. Ауылдық округ әкімі бастаған әкімшілік қызметкерлерінен

басқа қыбырлаған жанды көрмедік. Не де болса күз баста-



лғалы өткізіліп отырған үшінші сенбілік қой деп ауыл көшелерімен жүріп қайттық. Басты көшелер айнадай тазалығымен қуантса, көше арасы, ауыл сыртында шашылған тұрмыстық қалдықтар мен үйінділерді көзіміз шалды. Бұл көрініс үйдің ішін сыпырып, жиналған қоқысты кілем астына тыққан ерке қыздың кейпін есімізге салғандай болды.

Жасаған сенбілігімізді емес, ауылымыздың бұрыш-бұрышын аралап жамандығымызды асырғаны несімына баланың, “жиен ел болмайды, желке ас болмайды деген осы” деп сөге көрмеңіздер. Айтпасақ болмайды. Аты аудандық сенбілік болған соң, заты сол дәрежеге сай болуы керек.

«Жер байлығы – ел байлығы» дейді дана халқымыз. Ортақ үйіміз, ортақ мекеніміздің тазалығына қатысты сенбілікке «шықшық» дегізбей, өз еріктеріңізбен, мерекелік көңіл-күймен шығайық. Себебі біздің таза ұстап, қорғап, аялайтын өз мекеніміз, өз отанымыз бар. Көңіл-күймен жасалған іс қана өнімді болатындығын ұмытпайық, сонда ғана жасалған жұмыс өз нәтижесін береді.

Барша тіршілік атаулының ортақ үйіне айналған тәуелсіз еліміздің кең байтақ жерін сақтап қалу үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, қан төгіп, жан беріскен батыр ата-бабаларымызға деген құрметсіздігімізді танытып жатқан тазалыққа деген салғырттығымызбен күресейік, ағайын.

**Б.ЖАКЕШОВА**

**Д.Торжановтың суреттерінде: өткен сенбілік пен ауылдың көріксіз тұстары.**

Из почты редакции

## Открылся спортивный корт

**«Физическое воспитание - это то, что обеспечивает здоровьем и доставляет радость», - сказал Л.Н.Толстой.**

Нельзя не согласиться с высказыванием писателя, ведь великая ценность каждого человека - здоровье. А лучшая пропаганда здорового образа жизни - это занятия физкультурой и спортом, и укреплять здоровье надо с малых лет, с детства. Здорово, если для занятия спортом имеется место, где учащиеся могли бы себя проявить, совершенствоваться в физическом развитии. И таким местом в нашей Новоузенской СШ стал спортивный корт, который был открыт в середине лета.

На его строительство из бюджета были выделены средства, конкурс выиграл наш земляк Н.Садыков.

Поле для футбола с искусственной травой оснащено современным светодиодным освещением, футбольными воротами с сетками, защитными ограждениями. Теперь здесь ребята могут заниматься не только на уроке физкультуры, но и самостоятельно проводить активный отдых на переменах.

От всей души хочется поблагодарить акима района Ш.К.Мамалинова, акима Новоузенского сельского округа М.М.Сыздыкова и пожелать, чтобы новая спортивная площадка никогда не пустовала, а все желающие бережно относились к спортивному объекту и с удовольствием проводили здесь свой досуг.

**Т.КАРИЦКАЯ,**  
библиотекарь  
Новоузенской СШ

## Акция добра и милосердия

**В Петровской СШ республиканская акция «Дорога в школу» стартовала 1 июля 2019 года.**



В этом году акция прошла под девизом «От сердца к сердцу!» Ее цель - оказание помощи школьникам из числа малообеспеченных и многодетных семей, детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в период подготовки к началу учебного года и предупреждения неявки детей в школу по социальным причинам. Особое внимание в период акции уделялось выявлению детей, не посещающих школу, через рейдовые мероприятия, подворные (поквартирные) обходы, оказанию помощи детям из социально-незащищенных слоев населения по сбору в школу.

Администрацией школы осуществлялось взаимодействие со спонсорами и местными частными предпринимателями по оказанию помощи нуждающимся.

В рамках акции «Дорога в школу» оказана помощь канцелярскими товарами и школьной одеждой на сумму 19 тысяч 200 тенге



предпринимателем села Петровка О.К.Шульц, работниками школы Д.Р.Имантаевой, Б.С.Сембаевой, С.К.Камалиевой, В.В.Садоницовой.

Выпускники школы в составе 20 человек сделали подарки первоклассникам в виде канцелярских товаров на сумму 9 тыс тенге. Подарки получили 48 первоклассников. Также в рамках акции «Дорога в школу» выпускники 11-х классов сделали сувениры ученикам начальной школы 2-4 класс в виде канцелярских товаров.

Канцелярские товары были распределены детям из социально-незащищенной категории. Помощь получили 182 ребенка.

Выражаем глубокую благодарность всем тем, кто не остался равнодушным к этой акции, внеся свою лепту в благородное дело оказания помощи детям. Ведь без чувства любви к своей стране, без подлинного патриотизма настоящего гражданина, настоящего человека эта акция не состоялась бы. Пусть благие дела вернутся достатком и счастьем в ваши дома!

**А.КАРАБАЕВА,**  
заместитель директора по воспитательной работе  
Петровской СШ



## «Жас барыс-2019»

29 сентября в спортивном зале КСШ №1 поселка Ботакара прошел районный турнир «Жас барыс-2019».

В районных соревнованиях приняли участие более 50 участников, это победители кубковых соревнований.



Соревнования проводились в трех возрастных группах по 24 весовым категориям. Победители и призеры районного турнира были награждены медалями и грамотами от отдела физической культуры и спорта.

На хорошем уровне было организовано и судейство. Тренеры ДЮСШ по борьбе, на которых была возложена ответственность за проведение данного турнира, сделали свою работу на отлично, отмечают в отделе физической культуры и спорта.

Победители районного этапа будут представлять наш район на областных соревнованиях, которые пройдут уже в середине октября.

Наш корр.  
Фото Д.Торжанова

Қариялар – дариялар

## Даналықтың белгісі – қарияда

**«Қарты бар үйдің - қазынасы бар», - дейді халқымыз. Ғұмырларының ең қызықты, жарқыраған жастық шағын еліміздің өркендеуіне, келер ұрпақтың игілігіне арнаған қарияларымыздың төл мерекесін атап өту, оларға құрмет, қолдау көрсету деп білеміз.**

Қарақұдық ауылдық клубында «Жасы үлкен қария - ақылы мол дария» атты мерекелік әдеби-сазды кеш өтті. Ауылымыздың барлық зейнеткерлеріне және мүмкіндіктері шектеулі азамат-азаматшаларына арнайы шақыру билеттері таратылып, мерекелік дастархан жайылды. Кешіміздің алғашқы құттықтау сөз кезегі ауылдық округ әкімі О.Дүйсембековаға, ақсақалдар алқасының төрағасы С.Сүлейменовқа, мектеп басшысы Ж.Даутовқа берілді. Ауыл әкімі жиналған қауымды төл мерекелерімен құттықтап, жасы 70-тен асқан жиырма төрт қарияға сыйлық табыстады.

Мерекелік концертті қарттарымыз дастархан басында отырып тамашалады. «Даналықтың белгісі – қарияда» атты пресс-үстел көрермен назарына ұсынылды. «Ақбұлақ» ЖШҚ басшысы Б.Бөліевтің көмегімен мал сойылса, «Алмаз» ЖШҚ басшысы А.Жұмабаев, «ЗЕС» ЖШҚ С.Нұрмағанбетова және «Аделия» жеке кәсіпкер Р.Гусейнов сынды демеушілеріміздің арқасында дастархан жайылды.

Ауыл көркемөнерпаздарының қатысуымен мерекелік концерт тамшаланып, кітапханашы Г.Дүйсембек арнайы дайындаған презентациясын ұсынды. Қарттар күні қарсаңында ауыл медбикесі С.Қисап, ауыл кітапханашысы Г.Дүйсембек, осы мақала авторы, Амангелді орта мектебінің тәлімгер оқытушысы А.Жұмағұлова және оқушыларының қатысуымен ауылымыздың тыл ардагерлерінің үйлеріне барып, көмек көрсетілді. Медбике әр қартымыздың қан қысымын өлшесе, оқушылар ауласын тазалады.

Ж.ХАСЕНОВА,  
Қарақұдық ауылдық клубының меңгерушісі

## На татами – палуаны

В минувшую субботу в спортивном зале КСШ №1 поселка Ботакара прошёл чемпионат Карагандинской области по казак күресі среди взрослых.

На очередное, уже пятое по счету за этот год спортивно-массовое мероприятие, проведенное в нашем районе, приехало более 70 участников из городов: Караганда, Темиртау, Жезказган, а также из Абайского, Актогайского, Жанааркинского, Осакаровского, Каркаралинского, Шетского районов.



Спортивную честь нашего района на борцовский ковер вышли отстаивать десять наших палуанов: Хасенов Айтбай, Мадениеш Ерикжан (весовая категория – 55 кг), Ерубаяев Даурен, Аскарбаев Бахтияр, Кендал Ержан – 60 кг,

кг представлял Тилешев Алшимбай. Соревнования проходили в упорной борьбе и нашим молодым борцам, недавно вошедшим во взрослый чемпионат, поменявшим более легкие весовые категории на категории потяжелее, было не-

место в весовой категории 100 килограмм завоевали Молдагулов Эркинат и Касенов Нариман.

Соревнования прошли в теплой дружеской атмосфере, все вспомогательные службы (медицинские работники, полицейские, работники ДЮСШ) отработали на отлично.

На открытии соревнований с приветственным словом выступили руководитель отдела ФК и С Олег Цыганков, почетный гость чемпионата Абай Зикиров. А.Зикиров - уроженец Бухар-Жырауского района, в этом году за пропаганду спорта и развитие национальной борьбы ему был вручен нагрудный знак «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін».

На этот Чемпионат Абай Курмашевич привез пятерых воспитанников своего спортивного клуба «ЗАККАР» и все пятеро завоевали призовые места.

Хорошую организацию соревнований отметил главный судья чемпионата. Оспанов Серик Төлеуович, отметивший, что ему всегда приятно проводить соревнования в Бухар-Жырауском районе. «Здесь великолепный большой зал, два ковра, отличная работа районного отдела спорта, тренерского состава ДЮСШ и гостеприимство жителей района. Все это позволяет проводить областные соревнования на высоком уровне», - сказал главный судья соревнований.

Победители областного турнира смогли завоевать путевку на участие в республиканских соревнованиях.

Наш корр.  
На фото Ж.Макишева: почетный гость чемпионата А.Зикиров; участники соревнований.



Кабдыганиев Казбек, Болысхан Ернат, Гулболат Серикбек – 74 кг, Басаринов Жандос, Касенов Нариман и Молдагулов Эркинат – всеобщая категория 100 кг, весовую категорию +100

легко конкурировать с опытными соперниками. В итоге высоких результатов как и ожидалось на этом чемпионате мы не добились. Лучший результат - это 1 и 2

## Акция «Адресная открытка» Золотые годы

**1 октября - особенный праздник, день уважения и почитания пожилых людей. Каждый год в пору золотой осени в Белагашской средней школе проводится мероприятие тех, кто все свои силы и знания посвятил своему народу.**

Стало теплой традицией проводить акцию «Адресная открытка» с поздравлениями и приглашением на праздничный концерт. Более 80 человек были приглашены на мероприятие. В этот день виновников торжества встречали улыбками, добрыми пожеланиями.

С приветственным словом и добрыми пожеланиями выступил аким Белагашского сельского округа Рахат Амиров.

Учителя начальных классов со своими детишками подготовили для бабушек и дедушек хороший концерт. Все номера получили



заслуженные аплодисменты.

2 класс с русским языком обучения исполнил песню «Бабуля, милая моя». Ученик 3 класса Жанат Айбын подарил песню «Ата». Ребята 1 класса подготовили флешмоб. Ученики 3 класса с казахским языком обучения, переодевшись в бабушек и дедушек, исполнили танец-попурри. На протяжении всего мероприятия звучали красивые, трогательные стихи.

После праздничного концерта всех гостей пригласили в здание акимата на праздничное чаепитие. За чашечкой чая пожилые люди вспомнили былые времена, в теплом кругу исполняли песни и частушки, смеялись и шутили.

От имени Белагашского сельского округа выражаем признательность руководству завода «Rep Milk» за предоставление кисломолочной продукции, которая в качестве подарка была вручена пенсионерам и инвалидам.

Закончился праздник. Но так хочется, чтобы забота о пожилых людях на этом не заканчивалась.

М.САЙДАЛИНА,  
старшая вожатая Белагашская СШ



## Слово об Учителе

**Беседуя с коллегами, с молодыми специалистами, Шолпан Назинбековна непременно вспоминает момент, когда она приехала вместе с супругом, назначенным директором школы, в маленькое село Сартюбе. Ей, выросшей и начавшей свою трудовую деятельность в гремевшем в былые времена крупном совхозе «Красный Октябрь», показалось наше село почти глухоманью. И на семейном совете было решено, что задержатся здесь на год-другой и не более.**

Так и летели дни, месяцы, годы. Зима сменялась весной и летом. Золотом листья и началом нового учебного года радовала осень. Незаметно пролетело время, а за плечами уже ни много, ни мало – тридцать один год, как Шолпан Назинбековна Джолдинова учителем в Сартюбинской основной школе. Сначала работала с малышами – это, как говорит сама учитель, самая трудная, но в то же время самая благодарная возрастная категория школьников.

Когда в школе открылись первые казахские классы, Шолпан Назинбековна с энтузиазмом взялась за новое для нее дело. Учила и училась сама, поступила в КарГУ на специальность «казахский язык и литература». С 2006 года преподает казахский язык в русских классах. Всегда подчеркивает, что ее задача, как учителя – привить у

детей любовь к языку, научить понимать и разговаривать. Без творческого подхода сделать это нелегко, поэтому в арсенале учителя множество идей и задумок. Игровые моменты, приемы и подходы, способные увлечь ученика в учебный процесс – все это мастерски использует учитель на уроках. А еще авторский проект «Екі жұлдыз», переросший со временем в «Мега жұлдыз», цель которого через общение, поэзию, прозу, песню и танец способствовать изучению казахского языка. Шолпан Назинбековна была инициатором выпуска школьной газеты, открытию кружков по изучению казахского языка.

Кропотливый труд всегда дает хорошие результаты, ее ученики Мадаева Милана и Гильдерман Ирма были призерами областного конкурса «Жарқын болашақ». Гильдерман Ирма в этом году окончила го-



родскую среднюю школу и была награждена грамотой МОН РК за особые успехи в изучении казахского языка и в этом есть немалая заслуга учителя из

простой сельской школы. Большие надежды подает учащаяся 9 класса Кубышта Яна, она неоднократно принимала участие в районных конкурсах. К тому же она неплохо владеет государственным языком, за это особая благодарность педагогу. Нелегкому учительскому труду Шолпан Назинбековна посвятила в общей сложности

гической деятельности. А это ли не главное признание для учителя?

Есть у Шолпан Назинбековны, помимо ее главной работы, и увлечения. Любит шить. К слову сказать, ко всем мероприятиям, проводимым ею, национальные костюмы учитель шьет сама, конечно, старается привлечь к этому процессу детей. Любит Шолпан Назинбековна возиться с растениями в огороде, с домашней птицей.

У Шолпан Назинбековны – дружная семья. Вместе с супругом Амирбековым Нуртаем Рахимтаевичем они воспитали и выучили замечательных детей. Сын Даулет – выпускник Космической академии имени Можайского, уже несколько лет работает в столице в Министерстве обороны. Дочь Арнагуль окончила консерваторию имени Курмангазы в Алматы, по специальности дирижер. Несколько лет работала в Карагандинском гуманитарном колледже. С недавнего времени трудится в Нур-Султане в Министерстве культуры.

Хочется пожелать Джолдиновой Шолпан Назинбековне творческих находок, благодарных учеников и успехов в нелегком учительском труде.

**Г.СКРЕПЕЛЕВА,**  
библиотекарь  
Сартюбинской ОШ



## Туған жер

**бағыштап, ас берді. Шағын ауыл тұрғындарының өзгелерге үлгі боларлық игі бастамасы ақ сақалды аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымыздан бастау, жастардан қолдау тауып ұйымдастырылған.**

Бір кездері дүркіреп тұрған ауылдардың бірі болған Шалқар ауылында жыл санап үй саны азайып келеді. Ауылдан көшіп кеткен тұрғындар сырт кетсе де, туған жерді ұмытпай, елмен ғаламтор желісі арқылы хабарға шығып тұратын көрінеді. Атаулы шара да осы ғаламтор желісі арқылы ақылдасып, шешілген. Данагөй ақсақалдар ауыл сыртындағы зираттарды аяқасты етпей, мал тұяғының таптауынан сақтау мақсатында қоршау қоюды ұсынады. Аға буын өкілдерінің бір ауыз сөзін жерге тастамай, дайындық шарасына бірден кірісіп кеткен жастар «WhatsApp» желісінде шетте жүрген жерлестерінің басын қосып, қаражат жинауға кіріседі. Азаматтар жиылып, ауыл сыртындағы төрт зиратқа қоршау орнатады. Жеке дара тұрған зираттар да ұмытылмай, темір қоршаумен қорғалды. Қолға алынған игі бастама өз жалғасын тауып, ауыл тұрғындары қаражат жинақтап, ата-баба аруақтарына арнап, ас береді. Жинақталған қаражатқа үстел жабдықтарын алып, клуб



ғимараты мен құрылған шатырға аста-төк дастархан жасалды.

Білім іздеп, тұрмыс құрып, отбасылық жағдайлармен көш аударып кеткен жерлестер бір-бірімен көрісіп, мәре-сәре болған қуаныштың алдында мойындарына жүктелген перзенттік парыздың өтелгенінен көңілдері жайланып тұрды. «Ауылы бірдің дастарханы бір» демекші, аталмыш игі бастамаға бір кісідей атсалысқан жұртшылық бес саусақ жұмылса үлкен күш екендігін көрсете білді.



## Шалқардағы игі істер

**Өткен аптада Шалқар ауылының ата-баба аруақтарын ардақтап, құран**

тұяғы таптауынан сақтап қоршау орнатайық деген ақылымызды бірден жалғап екеткен жастарымыздың арқасы. Сол себепті тектілігімізді танытқан,

Ақбел, Шалқар ауылдары мен Ботақара кентінен келген атбегілер жүйріктерін қосқан доданы көруге ауылдың көрі-жасының бірі қалмай келіп, жанкүйер



игі бастамаға қатысқан барша ауыл жұртшылығына айтар алғыс шексіз,- дейді Балташ Ибраев ақсақал.

болды.

9 шақырымдық Құнан бөйгеде Жаймадан келген Хален Нұрболат есімді азаматтың Квадрат атты тұлпары 3 орынға, шалқарлық Асхат Ахановтың Ханторысы 2 орынға, ботақаралық Жарас Досовтың Кептер атты сұңқары жұлделі 1 орынға ие болды. Ал, 21 шақырымға белгіленген аламан бөйгеде Шалқар ауылының атбегісі Әділ Какимовтың Моңғол атты тұлпары 3 орын, белағаштық Айдын Беримжановтың Сәйгелі 2 орын, ақбелдік Дастан Санатовтың Ержүрегі оқ бойы оза шауып, 1 орын төрінен көрінді. Жұлдегерлерге арнайы марапат пен ақшалай сыйлықтар табысталды.

«Адамның өлген күні қайтыс болған күні емес, атының ұмытылған күні» деп әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр Әл-Фараби айтпақшы, ата-бабасын ұмытпай құранның тұя бағыштап, марқұм туған-туысының атын жаңғыртқан шалқарлық жұртшылыққа Алла таза ықылас-ниеттеріңізді қабыл қылып, оқылған құран дұғаларыңызды қабыл, тілектеріңізді асыл қылыс дегіміз келеді.

**Б.ЖАКЕШОВА**

**Д.Торжановтың суреттерінде: құнан, аламан бөйге көріністері; ақ дастархан.**



- Бүгінгі жасалып отырған шара ұрпақ жалғастығының мәңгі үзілмесін көрсетіп тұр емес пе? Ауыл сыртында жеке бір ауылдай болып, алыстан қарауытып көрінер зираттарда мына жиналған қауымның баршасының ата-бабасы жатыр. Сондықтан да бұл шара баршамыздың перзенттік парызымызды орындағанымыздың белгісі. Мына берілген ас, жасалып отырған бөйге біздердің зираттарды аяқасты етпей, мал

Ал, ауылдық округ әкімі Ерлан Узденов Бұқар жырау, Семізбұғы ауылдарында былтырғы жылы зираттар қоршалып, қорғауға алынғандығын айтады.

Бір дастархан басында бас қосқан жерлестер ата-баба аруағына қол жайып құран бағыштап, ауыл шетіндегі ел аузында «Той төбе» деп аталып кеткен төбешікке киіз үй тігіп, аламан бөйге көруге асықты.

Баянауыл ауданына қарасты Жайма, Белағаш, өзіміздің



# Ізгілік нұрын төккендер

**Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға...**

**“Бір күнін ойлаған - егін егеді, он жылдығын ойлаған - ағаш отырғызады, мәңгілігін ойлаған - балаға ізгілік сіңіреді” дейді халық даналығы.**

**Ұстаз жолы - ауыр, сонымен бірге қызықты жол. Әрбір үйдің еркесін өз баласындай бауырына басып, ілім мен білімді бойына сіңірген адам ең алдымен өзі білімді болуы тиіс.**

**Біздің бүгінгі кейіпкерлеріміз - Мәнжі батыр атындағы Қаражар орта мектебінің ұстазы Бибігүл Разаққызы Рахимова мен Ертарғын Мұстафаұлы Біләлов.**

Мектеп басшысы Тасболат Қуанышұлы Базылов, мектепте 242 оқушы оқиды, 57 мұғалім сабақ береді.

Бибігүл Разаққызы Балқантауда орта мектепті үздік бітіреді. Онан кейін Саран педагогикалық училищесін тәмамдап, туған ауылында бастауыш сыныпта сабақ береді, 1984 жыл мен 1991 аралығында Қарағанды қаласындағы №7 мектепте мұғалім болады. Осы жылдары ҚарМУ-дің кешкілік математика факультетінде оқып, екінші мамандығын алады.

Екі ұстаздың туған жерлері - Егіндібұлақ ауданына қарасты Комсомол және Балқантау ауылдары. 1995 жылы отбасы Қаражар ауылына келіп, орта мектепке жұмысқа қабылданады. Ертарғын Мұстафаұлы алдымен Мичурин совхоз-техникумын, кейіннен Саран педагогикалық училищесін тәмамдап, технология пәнінен сабақ берсе, Бибігүл Разаққызы

математика пәнінен сабақ беріп, алдарынан сансыз мәрте түлек ұшырған, ауыл адамдары үшін сыйлы жандар. Бибігүл апай Мәнжі батыр атындағы Қаражар орта мектебінде 1995-2000 жылдар аралығында математика пәнінің мұғалімі болып, он тоғыз жыл бойы оқу-тәрбие жұмысының меңгерушісі болып қызмет етеді.

Шоқан Уәлиханов “Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет” деген екен. Өмір бойы оқу орнынан алған білімдерінен бөлек өздерін дамытып, озық технологияны пайдаланып, халық баласына бойындағы бар асылын сіңірген ұстаздар өздерін өзге мамандықта елестете алмайды.

Азат елдің баласының ойы да азат, білімі де мығым, болашаққа сенімі шексіз. Онымен қоса, осындай ұстаздарынан тәлім мен тағылым алса, ондай бала барған жеріне жатырқамай сіңісіп кетеді. Астанада



“ЭКСПО” ғылыми жобасын қорғаған Уәлиханов Мұхамеджан, сондай-ақ Ақылбек Рамазанов, Мейрамгүл Тоқмағамбетова, Хавалаш Шолпан, Назгүл Құнанбаева, Мирас Разақов, Ғалымжан Уәлиханов, Азамат

Үдербаев, Махаббат Біләлова т.б. сынды көптеген түлектер ұстаздарының мақтанышына айналып, магистратурада білім алып, енді біреулері мектептерде сапалы білім беріп жүрген мамандар.

Ұстаздардың шаңырағынан ұшқан екі балапандары - Ақтоты Қарағанды қаласында Михайлов ауданындағы Ішкі Істер басқармасында аға инспектор болса, Аққу астанамызда Ішкі Істер басқармасының қызметкері. Екі балаларынан жиендер

Бибігүл Разаққызы - жоғары санаттағы мұғалім. Білім беру департаменті жас ұрпаққа сіңірген 38 жылғы еңбегін жоғары бағалап, 2013 жылы кеудесіне Ы.Алтынсарин атындағы медалін жарқырата таққан. Көп жылғы еңбегі үшін түрлі грамоталар мен Алғыс хаттар да ұстаз қолына табысталып, мерейін үстем еткен. “Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығы” АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының материалдар жинағына ол кісінің “Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда педагогтің ролі” атты мақаласын басып шығарған. Мақала 2017 жылы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдаушылар назарына ұсынылып, өз қолдаушыларын тапқан.

Мамандықтары - мақтаныштарына айналған қос ұстаздың ел болашағының көктеуі үшін сіңірген еңбектері біршама. Алда - ұстаздар мерекесі. Біз ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтап, өмірдің барлық жақсылықтары мен қуаныштарын тілейміз. Жас ұрпақ тәрбиесі салғырттықты, немқұрайдылықты көтермейді. Осы жолда ешқашан талмай, қажымай еңбектене беріңіздер. Мереке құтты болсын!

**Қ.АХМЕТОВА**

**Д.Торжановтың суретінде:  
Б.Рахимова.**



## Гранты для молодежи: перспектива развития бизнеса

**Тадей Самсонов - молодой начинающий предприниматель из поселка Г.Мустафина. Этим летом Тадей стал обладателем гранта акима Карагандинской области на открытие и развитие собственного дела.**

Молодой человек давно мечтал создать свой собственный бизнес - открыть мебельный цех. И вот мечта молодого, перспективного бизнесмена сбылась. О конкурсе на получение гранта акима области Тадей узнал из социальных сетей. Прочел информацию в Инстаграм на странице районного Молодежного ресурсного центра.

Сейчас парень признается, что поначалу не придавал этому большого значения, посчитав это недостижимой целью. Но потом решил все же узнать подробности о конкурсе. Обратился в коворкинг-центр поселка Г.Мустафина. В центре его внимательно выслушала и проинформировала об интересующем вопросе представитель районного Молодежного ресурсного центра Анастасия Малышева.

- На деле все оказалось гораздо проще, чем я ожидал, - говорит Тадей. - Уже при обращении в районный молодежный ресурсный центр мне предложили пройти курсы «Бастау бизнес» в палате предпринимателей «Атамекен». На этих курсах я узнал много полезной и нужной информации, получил сертификат. Здесь же, в палате предпринимателей, мне реально помогли подгото-



вить все необходимые документы, составить бизнес-план. Пройдя отборочный конкурс в нашем районе, мне предстояло участие в конкурсе уже на областном уровне.

В Караганде конкурс на получение гранта акима области на открытие собственного дела проходил два дня. Претендентов на участие в конкурсе было не мало - 64 человека. Поэтому нас разделили на две

группы. Я попал в первую, поэтому защищал свой бизнес-проект перед комиссией в первый день.

Конечно, было и волнение, и легкая неуверенность, но все как-то быстро прошло. Тадей рассказал комиссии о своем бизнес-проекте, о том, что планирует делать. Членов комиссии заинтересовал бизнес-план, Тадею было задано много вопросов. В итоге

молодой человек стал одним из победителей.

На сумму полученного гранта в один миллион тенге Тадей приобрел необходимое оборудование, четыре деревообрабатывающих станка, фрезерный, токарный, шлифовочный и пилораму. Родственники помогли с приобретением здания для будущего мебельного цеха. Он разместится в здании бывшего поселкового кинотеатра.

Это тоже хорошая новость для сельчан, ведь здание бывшего кинотеатра многим дорого воспоминаниями, особенно старшему поколению. В былые времена сюда на киносеансы ходили жители от мала до велика. Поэтому его возрождение, хоть уже и в другом предназначении, все же вселяет надежду на дальнейшее развитие поселка. Отлично, что за этот бизнес с помощью государственных мер поддержки берет на себя ответственность наша молодежь.

Тадею Самсонову - 25 лет. Он молодой семьянин. С супругой Анастасией, которую Тадей называет своим вдохновением, что очень приятно слышать от молодого человека, они воспитывают маленькую дочку и сейчас ждут второго ребенка. Растет молодая семья, растут потребности, растет желание двигаться вперед, учиться, развиваться, созидать. А это главное. Ведь именно в руках молодого поколения будущее нашей страны. Пока бизнес Тадея Самсо-

нова еще только набирает темпы. И планов пока еще больше, чем реальных дел, но есть желание и материальная поддержка, а это главные составляющие успеха.

Свой бизнес Тадей планирует развивать в нескольких направлениях. Это изготовление мебели, сначала корпусной, а затем и мягкой. А еще планирует организовать оказание полного спектра ритуальных услуг населению. Обслуживать планирует не только поселок Г.Мустафина, но и близлежащие населенные пункты. Ведь мебель намного выгоднее купить на месте, чем ехать за ней в город. Тем более, что ее доставку молодой бизнесмен обещает бесплатную. Транспорт для этих целей уже есть.

На данном этапе начинающий предприниматель проводит подготовительные работы в помещении, монтаж электропроводки, установку станков. Работы много, само здание тоже требует ремонта. Но все будет по плану, уверен Тадей. Кроме того, молодой человек в будущем планирует и создать не менее 10 рабочих мест. А это хорошие новости для сельских соискателей работы в данных направлениях.

Одним словом, грант акима области на поддержку молодежи в целях открытия собственного дела уже начинает работать.

**Т.КУРБАНОВА**

**На фото: молодой предприниматель Тадей Самсонов.**



# Сұлу жандар мерекесі

**«Адам баласын бақытты ететін арлы ақыл, адал еңбек, ақ жүрек» деген Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының осы бір пікірінің астарында керемет ақиқат бары шындық. Айтылған ізгі қасиеттердің баршасы ел тұтастығы, халық бірлігі жолында адал еңбегімен ардақталған қазыналы қарияларымыздың бойында, сөзінде, ойында жатыр. Сол себепті де қарттық жасына лайық, аузы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы телегей-теңіз ардагерлеріміз қоғамда да, өмірде де төрден орын алады.**

Берекелі күзбен бірге келетін жылы алақан, ыстық қайрат, мейірімді жүрек иелерінің төл мерекесі өзге мейрамдардан ерекше көңілді, ажарлы, салтанатты өтті. Ел басына қандай қилы күн туса да қариясын төрінен түсірмеген ата жолымен мәдениет үйінің кіші залына ардагерлерге арналып ақ дастархан жайылды. Бір дастархан басында өзін-қалжыңы жаразып, шүйірлесіп дәмнен ауыз тиген ата-әжелеріміз өздеріне қызмет етіп жүргеннің бәрін күндегі әдеттеріне өз баласынан кем көрмей, «өздерің де отырсаңдаршы» деп бәйек болысты.

Қай әжеміздің көрмесіне келіп тоқтасақ та көздің жауын алатын бұйымдарымен танысып, тәтті-дәмділерден дәм таттық. Әжелеріміздің әсем көрмесін аудан басшысы Шағурашид Мамалинов, мәслихат хатшысы Асхат Әли тұрғындармен бірге тамашалады.

Бір-бірінен асып түскен көрмелер ішінен ең жақсыны таңдау қиынға түсті. Тоғызқұдық ауылынан ат терлетіп келген Жібек Қалымжанова апамыздың дастарханы қазақтың ұлттық тағамдары – қазы-қарта, құрт-ірімшік, қоспаның бірнеше түрлері, бал қаймақ, сары маймен ерекшеленсе, қушоқы-



ардагерлерге жан-жақтан қолдау көрсету, қамқорлықпен назар аудару - ол мықты отбасының ғана емес, гүлденген қоғамның белгісі,- деді аудан басшысы өз сөзінде.

Жас шыбықтай жайқалып өсіп келе жатқан ұрпаққа дұрыс тәрбие, саналы ақыл беріп, оң бағыт көрсетер көргені мол, кеудесі сыр сандық әжелеріміз мерекелік концерт арасында өнерлерін ортаға салып, кеш көркін қыздырды. Бұл күні біз "супер әжелер" ішінде одан да асқан "супер әже" барын білдік. Бірінші кезеңде тәтті-дәмділерін ұсынған әжелер келесі кезекте өнге басып, сахна төрінде өнер көрсетті. Бірі өлең айтса, енді бірі көрініс көрсетіп таңдандырған әжелерге құрдастары ду шапалақпен қолдау танытып, қиқумен шабыт сыйлады.

Байқаудың әр кезеңінде ою-өрнегі тегілген, ақ апаларымыздың жүзіндей жылт-жылт еткен мерекелік киімдері сахна жарығынан да шуақты болып көрінді. Супер әжелер ішінде Вера Бронич, Любовь Шпякина апаларымыз көңілді таныстыруымен есімізде қалса, ардагер ұстаз Бану Иманбаева немере тәрбиесінде өзгелерге үлгі боларлық өнегесімен, Наталия Ержанова актерлік шеберлігі, Жібек Қалымжанова, Қазима Әбілдинова, Алтынай Сармантаева апаларымыз әсем дауыстарымен таңдандырды. Қиынның-қиыны бір-бірінен оқ

Нұрахметов пен Сәния Кискинананың орындауындағы «Біз



Самайдағы ақ шашы, Алатаудың асқар шыңындай болған тақиясы, ақ жаулығы, жүзіне жылылық нұрын салып тұрған әжімі өзгелерден даралап тұратын осы бір жылы шырайлы жандардың жадырап күлгенінің өзі мереке, думан емес пе?! Денсаулығына байланысты немесе бала мен немеренің тәрбиесінде жүріп үйден алыс шықпайтын ата-әжелеріміздің бір-бірімен көрісіп, хал-жай сұрасып, ыстық шәй үстінде әдемі әңгіме әрбітуіне себеп болған мерекелік дастарханнан соң, мәдениет бөлімі ұсынған өсерлі концерттік бағдарлама басталды.

Биылғы қариялар мейрамы мерекелік концертімен ғана емес, «Супер-әжелер» байқауымен ерекше есімізде қалды. Мәдениет үйінің кіреберіс залына «Супер әже» байқауының жеті қатысушысы өз қолдарынан шыққан түрлі бұйымдарын, бау-бақшасының өнімдерін, тәтті-дәмділерін тізіп, көрме жасады.

лық Вера Броничтің көрмесі қолдан жасалған әсем бұйымдарымен есте қалды. Ал, Любовь Шпякина мен кернейлік Алтынай Сармантаева апаларымыздың дастарханы берекелі күздің мол өнімімен қуантса, Наталия Ержанованың көрмесіне сай тігілген киімі көркін аша түскендей өсер қалдырды. Ботақаралық Қазима Әбілдинова мен ақбелдік ақ әже Бану Иманбаева ұсынған көрме де өз әсемдігімен ерекшеленді.

Әрбір шаңырақты сүттей ұйытып, ынтымағы мен берекесін сақтап отырған, өнегелі өсиеті еркенді өсіретін ақ сақалды аталарымыз бен тілеуқор ақ жаулықты аналарымызды аудан басшысы Шағурашид Мамалинов құттықтап, ақ тілегін арнады.

- Бұл күн отанымыздың игілігі үшін қызмет етіп, еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келген қарияларымызға ризашылығымыз бен сыйластығымызды білдіретін күн. Зейнеткерлер мен



бойы озық көрінген әжелерден үздікті анықтау болды.

Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңін қос ішекті домбыраға салып орындаған А.Амантайұлының өнері жан тебіrentсе, Қазбек Талашев пен Темірбек Сыздықовтың орындауындағы әуезді өндер мерекелік отшашу болды. «Гүлдердің» сұлу бишілерінің әдемі биіне сүйсінген ата-апаларымыз аямай қол шапалақтады. «Бал-

бақыттымыз!» әні мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Көңілді әжелер ішінен «Супер әжені» анықтау мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Т.Ргебаев, ауданымыздың құрметті ардагерлері Ш.Түсіпбаева, Г.Шинкорукке бұйырды. Әділқазы алқасының әділ шешімі бойынша Жібек Қалымжанова, Қазима Әбілдинова, Бану Иманбаева 3-орынға, Любовь Шпякина, Ал-

тынай Сармантаева 2-орынға, Наталия Ержанова 1-орынға, қушоқылық Вера Бронич бас жүлдеге ие болды. Барша жеңімпаздар марапатталып, ақшалай сый-сияпат табысталды.

Алаңсыз нұрлы өміріміздің сақшылары - ардақты аталарымыз бен аяулы әжелерімізге құрмет, ілтипат көрсеткен күнде, әуезді әуен ырғағымен билеп, мәдениет қызметкерлерінің орындауындағы ескі де болса, әлі де естен кетпеген өндерді ыстық ықыласпен қарсы алып, бірге орындаған қазыналы қарттарымыз бірден тарқаспай, мерекелік көңіл-күйлерімен бөлісті.

- Қариясын ардақтаған ата жолын жалғап, біздерге мынадай аста-төк дастархан жайып, жастық шақтың таңдамалы өндерін сыйлаған барша ұйымдастырушыларға алғыс білдіреміз. Соның ішінде қарияларға ерекше көңіл бөлетін аудан басшысы Ш.Мамалиновқа, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Т.Ргебаевқа, мәдениет үйінің басшысы Раушан Жұмановаға, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің

басшысы Гүлжан Абжановаға және осынау барша қызмет көрсетіп жүрген жастар қауымына ғұмыр жастары ұзақ, еңбектері жемісті болсын дегім келеді. Елімізде осындай жастар қатары көбейсін, - деді ботақаралық Орынтай Салықова апамыз.

Өз баласын өскенше, немерені өмір бойы бағатын ата-әжелеріміз қартайған шағында да ел тұтқасы болар ұрпақ тәрбиесіне сүбелі үлес қосып жүргенін айтпасақ та айқын дүние емес пе?! Жақсылығымызды жар салып, тілеуімізді тілеп жүрген ардақты, аяулыларымыз -

қарттарымызды тек мерекеде ғана емес, әр күн сайын қуанып, жүздеріне қуаныш сыйлауға тырысайық, ағайын.

**Б.ЖАКЕШОВА**

**Д.Торжановтың суреттерінде: көрікті көрме; зал көрінісі; өнерлі әжелер.**



# Қарты бар ел - қазыналы ел!

**Көп жасаған қария,  
Ақылы теңіз - дария.  
Көп өнеге сөзі бар,  
Сөзі соқпақ, сөзі нәр.  
Мерекеңіз құтты болсын, ата-апа!  
Көкіректен жыр төгілмей жата ма?  
Зейнетіне жетіңіздер өмірдің,  
Кенеліп бір ілтүпатты батаға.**

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріліп, көңіл аударылып, үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп-өркендеуіне, еліміздің бейбітшілікте тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін са-

луға жол ашқан алдыңғы буын ата-әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Үлкендіктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ кәріліктің өзінің сәні мен мәні бар. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ - ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әркезде де бақытты.

«1 қазан - Қарттар күні» бүкіл



елде аталып өтіледі. С.Т.Елгезек атындағы негізгі мектебінде «Қарты бар ел - қазыналы ел» атты концерттік бағдарлама өтті. Ауыл тұрғындары, ата-әжелеріміз немерелерінің балдай тәтті өлең шумақтары мен

мың бұрала билеген билерін тамашалап, көтеріңкі көңіл-күймен тарады.

Ата - ардақты тұлға. «Әкеден ұл тусайшы, ата жолын ұсайшы» деп халық ұрпаққа ата-ның мұрасын жалғастырды

уағыздайды. Ата ұрпағының қайырымды, мейірімді, ақылды, іскер болуын тілеп, сол үшін қамқорлық іс-әрекеттерін басы жерге жеткенше дамыта береді, өнеге көрсетеді, өсиет айтады. Әже - ақ сүт берген аналардың анасы. Әже әрқашанда балалық бал дәуреннің басы-қасында - асыраушы, аялаушы, тәрбиелеуші, қысқаша айтқанда - басты кісі. Өмір өрнектеріне, тіршілікке көбірек араласқан ана перзентін көбінесе өженің қарауында қалдырады. «Жан жүрегім, жарығым» деп әже немересін, шөбересін жүрегіне теңейді. Жан жүрегін салып нәрестені, бүлдіршін мен жасөспірімді тәрбиелейді.

Ата-әжелеріміз аман болып, ұрпақтарына ата-баба мұрасын жалғастырып, бойларына тамаша қасиеттерді сіңіре берулеріне тілектеспіз.

**А.ИСАИНОВА,  
С.Т.Елгезек атындағы  
негізгі мектебінің  
тәлімгері**

## Ақбел ауылындағы шара

**30 қыркүйекте сағат 11-00-де Ақбел ауылының клуб үйінде қарттар күніне арналған «Шаңырақтың киесі, даналықтың иесі», «Дана ата, асыл әже» атты әдеби-сазды бағдарлама өткізілді.**

Бұл шараға округ бойынша шақыру билетпен 98 адам шақырылды. Оның ішінде зейнеткерлер және мүгедектер, барлығы 80-ге жуық адам қатысты. Оларға үлкен дастархан жайылып, концерттік бағдарлама ұсынылды. Ауыл әкімінің міндетін атқарушы Сайлау Мырзабеков жиналған қарттарды мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.



Концерттік бағдарламада бірнеше сахналық көріністер қойылды - «Тәубеге келу», «Қамқор өне» және ата-әжелеріміздің жастық шақтарында айтқан әндері «Шофер әні», «Қырманға кел, қалқатай», «Сәулем-ай» т.б. әндер қарттарымыздың көңілінен шықты.

Бишілер билеп, мектеп ұстаздары ән шықпады. Осы шараны өткізуге округіміздің азаматтары - Молдабаев Қайрат, Шаймерденов Ержан, Шаймерденова Ардақ, Дүйсебеков Әділбек, Кокин Ерлан, Адамғожин Айдын, Молдабеков Алихан, Қайырбеков Алмаз, Түкеев Аман, Рыспай Мағат, Жапаров Қадыржан сынды шаруа қожалықтарының басшыларына, жеке меншік шағын бизнесі бар азаматтар мен азаматшаларымызға алғыс білдіреміз.

Олар барлығы 100 мың теңге көлемінде көмек көрсетті. Сол жиналған қаржыға дастархан жайылып, 80 жастан асқан, мерекелік шарамызға келе алмаған қарияларымызды үйлеріне барып құттықтап, сыйлықтар таратылды. Жапаров Қадыржан «Агрофермер» ЖШК 10 тонна бадайды тыл ардагерлеріне және зейнеткерлерге үлестіріп берді.

Мектептің балалары ұстаздарымен бірге ауылдың жалғыз басты зейнеткерлерін, мүгедектерін аралап, үй маңын жинап, сыпырып, ағаштарын кіргізіп, суларын тасып көмек көрсетті.

Мерекелік шара өте көңілді өтті. Аталарымыз бен апаларымыз алғыстарын айтып, кетерде баталарын берді.

**Зайда ИСКАКОВА,  
Ақбел ауылы**

## Поздравили с праздником

**В День пожилых людей аким поселка Г.Мустафина, председатель первичной партийной организации Халиль Рыспеков и советник акима района, председатель ОСПК районного филиала партии «Nur Otan» Шахвели Курбанов посетили ветерана Великой Отечественной войны Ольгу Константиновну Мергенбаеву и бывшую узницу немецкого концлагеря Веру Васильевну Подкаминную.**

Представители партии «Nur Otan» поздравили уважаемых людей с праздничной датой, вручили подарки, поинтересовались жизнью, бытом ветеранов.

В этом году Ольга Константиновна Мергенбаева отметила свое 96-летие. Она живет вместе с дочерью и внуками, обогрета заботой родных людей.

Ольга Константиновна часто вспоминает пережитые суровые военные годы, когда она молодой, 18-летней девчонкой ушла на фронт. Нелегкую военную службу девушка несла в Первом женском стрелковом запасном полку. Воевала на втором Украинском, а затем на Белорусском фронтах, была и в

блокадном Ленинграде, прошла всю войну до Берлина. Была не раз ранена, но каждый раз после лечения в госпиталях, возвращалась в строй.

Ее женский стрелковый полк был всегда на передовой, в самом пекле боев. За храбрость и доблестную военную службу Ольга Константиновна награждена орденом Великой Отечественной войны второй степени, медалями «Маршала Советского Союза Жукова Г.К.», «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-45 гг.», «За освобождение Украины», многочисленными юбилейными наградами, также за труд в мирное время имеет медаль «Ветеран труда», знак

Почета «Победитель социалистического соревнования».

Женщина-ветеран сердечно поблагодарила гостей за внимание, рассказала о своей жизни, молодости, отметив, что самое главное достояние - это мир на земле и его нужно свято беречь для новых поколений.

Женщина с непростой судьбой Вера Васильевна Подкаминная. С раннего детства познала лишения и тяготы фашистского плена. Во время войны ее, еще ребенком, немцы забрали в Германию. Там, малолетняя узница провела несколько тяжелых, голодных, мучительных лет. Об этом времени женщины вспоминать очень трудно, слезы памяти то и дело навораиваются на глаза. Сейчас Вера Васильевна живет одна. Близких людей у нее не осталось. За женщиной ухаживает социальный работник.

Также члены партии «Nur Otan» посетили и поздравили с праздником пенсионеров частного семейного дома. Побеседовали с пожилыми людьми, поинтересовались их жизнью и досугом в общем доме.

**Т.КУРБАНОВА**

## Қарттарым - асыл қазынам

**Қазан айының 1-і күні Ақөре ауылында «Қарттарым - асыл қазынам» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік көңіл-күйде басталған шараны мақала авторы мен мектеп директорының міндетін атқарушы К.Назуметовтың құттықтау тілегі жалғады.**



Клуб меңгерушісі Н.Берікбаевтың ұйымдастыруымен өткен мерекелік шара барысында

өлең шумақтары оқылып, ән айтылып, би биленді. Ауылымыздағы 70-ті еңселеп қалған

ақсақалдарымызды, 17 қарияға шаруа қожалықтары мен ауыл әкімі аппараты ұжымының атынан ауылдық округ әкімі Асет Мағауиянов сыйлықтар табыстады.

Ақөре клубы ұжымының атынан Н.Берікбаев, А.Уахитов қазыналы қарттарымызға сыйлықтар тарту етті. Ауылдық округ әкімінің қызметкерлері А.Идрисова, Е.Уахитова, Р.Ескеева және клуб қызметкерлері Т.Оленковская, К.Каримова, Т.Сұлтанбеков, П.Мячинский, Ж.Балабаев, К.Байдельдинов үй-үйді аралап, ардақты қарияларымызды мерекелерімен құттықтап, сый-сияпаттарын ұсынды.

**Елена УАХИТОВА,  
Ақөре ауылдық округі әкімі  
аппаратының бас маманы**



## В гуще жизни

**В этом году впервые День профсоюзов Казахстана будет отмечаться 10 октября. Эта дата утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 22 мая 2019 года за №303. В общей сложности в профсоюзных рядах сегодня состоят свыше двух миллионов казахстанских трудящихся, половина из них - работники системы образования страны.**

Профсоюзную организацию работников образования Бухар-Жырауского района с 2014 года возглавляет Эльвира Карибаевна Хамитова. С 1998 года Эльвира Карибаевна трудится в системе образования, учителем, методистом, заведующей методическим кабинетом. Делегаты районной профсоюзной конференции выбрали ее руководителем районной профсоюзной организации как человека, хорошо знающего задачи, проблемы системы.

Оправдывая возложенное на руководителя районной профсоюзной организации доверие, Эльвира Карибаевна стремится быть в гуще, в центре общественной жизни, добиваться выполнения стоящих перед профсоюзом задач, главная из которых - защита прав и интересов людей, работающих в организациях образования, и улучшение их благосостояния. Этот вопрос в системе образования страны актуален особенно сейчас, когда по-новому обозначена роль образования в развитии государства, когда меняются не только методы обучения, но и само содержание

актуальной направленности.

Укрепление социальной стабильности в трудовых коллективах – задача профсоюзов, поэтому заблаговременно выявляются и, в соответствии с законом, решаются проблемы и улучшаются условия труда и жизни работников, в том числе на основе механизмов примирительных процедур. Большое значение поэтому придается работе с заявлениями и обращениями, обучению актива основам Трудового законодательства, контролю за выполнением Коллективного договора.

